

**Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы N 399 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 6 сәуірде N 13-1-191 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 8 маусымдағы N 1037 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2012.06.08 N 1037 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабы 5-тармағына және 19, 20, 23-баптарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысын іске асыру мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара

қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Көктемгі шақырудың әскерге шақырылушыларын және әскери оқу орындарына түсетіндерді медициналық куәландыру 2011 жылғы 1 сәуірден, күзгі шақырудың әскерге шақырылушыларын 2011 жылғы 1 қазаннан басталсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін қалалық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын, 1-қосымшаға сәйкес.

4. Он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізудің қоса беріліп отырған кестесі бекітілсін.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының бастығы А.Я. Коға ұсынылсын (келісім бойынша):

1) әскерге шақыру учаскесін қажетті аспаптармен, дәрі-дәрмекпен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыруға жататын азаматтарды медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен медициналық бибілерді тағайындау;

3) әскерге шақырушылардың стационарлық тексерілуін жүргізу үшін емдеу-профилактикалық мекемелерінде 10-15 койко-орыннан бөлу;

4) әскерге шақыру комиссиясының мүшелерін, медициналық комиссияның жұмысына қатысатын дәрігер-мамандар мен медициналық бибілерді көктемгі шақыру кезеңіне 2011 жылғы 1 сәуірден 30 маусымды қоса және күзгі шақыру кезеңіне 1 қазаннан 31 желтоқсанды қоса негізгі міндеттерінен босату.

6. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Г.Қ. Алтынбекова, әскерге шақыру учаскесінің жұмысы бойынша іс-шараларды 2011 жылға арналған қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген сомаға сәйкес қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

7. Петропавл қаласы Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы Д.Б. Ғабдуллин (келісім бойынша) 2011 жылғы көктемгі және күзгі шақыру кезеңіндегі азаматтарды әскерге шақыру қорытындысы туралы қала әкіміне ақпарат берсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қ. Балғашоқоваға жүктелсін.

9. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қаласының әкімі *Н.Әшімбетов*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қ. Қорғаныс істері»





**2011 жылдың қараша айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі**

№ р/б	Барлығы	Күні, саны											
		1	2	3	4	7	8	9	10	11	14	15	
	630	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30

**кестенің жалғасы**

16	18	21	22	23	24	25	28	29	30
30	30	30	30	30	30	30	30	30	30

**2011 жылдың желтоқсан айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі**

№ р/б	Барлығы	Күні, саны											
		1	2	5	6	7	8	9	12	13	14	15	
	400	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20

**кестенің жалғасы**

20	21	22	23	26	27	28	29	30
20	20	20	20	20	20	20	20	20